

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғам

КЕЛІСІЛДІ

«Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария
институты» ЖШС Басқарма директоры

М.Қасенов
«22» _____ 2024 ж.



БЕКТЕМІН

Басқарма Төрағасы – Ректор

А.Күрішбаев
«23» _____ 2024 ж.



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«8D09101– Ветеринарлық медицина»

Берілетін дәрежесі: «8D09101– Ветеринариялық медицина»
білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы

Алматы, 2024

«Биологиялық қауіпсіздік» кафедрасының отырысында талқыланды
№ 6 хаттама « 22 » 01 2024 ж.

Кафедра меңгерушісі  А.Мусоев

«Ветеринария» факультетінің академиялық комитеті отырысында қарастырылды
№ 5 хаттама «25 » 01 2024 ж.

Факультеттің АҚ төрағасы  К.Қойбағаров

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесінде қарастырылып, Ғылыми Кеңесі
ұсынылды

№ 4 хаттама « 01 » 02 2024 ж.

Университеттің ОӘК төрағасы  А. Абдыров

Білім беру бағдарламасы ҚазҰАЗУ Ғылыми Кеңесінде бекітілді
№ 9 хаттама « 01 » 03 2024 ж.

Құрастырушылар:

Факультет деканы

 Г.Алпысбаева

Кафедра меңгерушісі, PhD

 А.Мусоев

Кафедра меңгерушісі, кауым. профессор

 А.Махмұтов


Кафедра меңгерушісі, профессор

 Е.Қорабаев

Кафедра меңгерушісі, профессор

 Ж.Киркимбаева

ПОҚ: профессор

 У.Омарбекова

2 курс докторанты

 С.Каймолдина

Түлек - 2023 ж.


 Ж.Муслимова

«Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария
институты» ЖШС Бас директоры

 М. Касенов

Келісілді:

Білім беру бағдарламаларын
жобалау бөлімінің бастығы

 Ж. Кусаинова

Қолдану аймағы

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ «8D09101 – Ветеринариялық медицина» білім беру бағдарламасы бойынша PhD докторанттарды даярлауды жүзеге асыруға арналған

Нормативтік құжаттар

1. Қазақстан Республикасының білім туралы заңы Астана, Ақорда, 27 шілде 2007 жыл № 319-III ҚРЗ (өзгерістер және толықтыруларымен 01.01.2019ж.)

2. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы N 407-IV «Ғылым туралы» Заңы, өзгерістер және толықтыруларымен 04.07.2018ж

3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 қаулысымен бекітілген

4. «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы, өзгерістер және толықтыруларымен 12.10.2018.2 қазан.

5. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының жіктемесі №569 13.10.2018 ж;

6. ҚР БҒМ жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік ережесі, 2018 жылғы 30 қазандағы № 595.

7 "Мемлекеттік жалпыға міндетті барлық деңгейлерінде білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 Бұйрығы

8. Жануарларды өсіру кәсіби стандарттары ("Сүтті бағыттағы түйе өсіру", "Сүтті бағыттағы ірі қара мал өсіру", "Сүтті бағыттағы жылқы өсіру", "Қой мен ешкі өсіру" және т. б.). 26.12.2019 г №263

Атамекен ҰКП сайты <http://atameken.kz/>

1. Білім беру бағдарламасының төлқұжаты

Білім беру саласының коды және жіктелімі	8D09- Ветеринария
Даярлау бағыттарының коды және жіктелімі	8D091 -Ветеринария
Білім беру бағдарламасының коды және атауы	8D09101 – Ветеринариялық медицина
Білім беру бағдарламасының түрі	Қолданыстағы
Білім беру бағдарламасының мақсаты	Заманауи еңбек нарығында бәсекеге қабілетті кәсіби, мәдениеті жоғары, іргелі білімі бар, әдіснамалық және зерттеушілік даярлықтан өткен, ғалымдар қатарына кіруге және PhD ғылыми дәрежесін алуға дайын ветеринария мамандарын даярлау.
БЖХС бойынша деңгейі	8
ҰБШ бойынша деңгейі	8
СБШ бойынша деңгейі	8
Кадрларды даярлау бағыты лицензиясы қосымшасының нөмірі	KZ89LAA00031870, 05.08.2021
ББ Аккредиттеу Аккредиттеу органының атауы Аккредитацияның қолданылу мерзімі	Сертификат № АВ 3905 IAAR 22.04.2022 – 21.04.2027
Берілетін дәрежесі	«8D09101 – Ветеринариялық медицина» білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы
Оқыту нәтижелері	Кесте 2
Мамандық және қызметтер тізбесі	Ғылыми мекемелердің жетекші ғылыми қызметкері; Жоғары оқу орнының оқытушысы; мемлекеттік ветеринариялық қызмет басқару құрылымдарының әр түрлі бөлімшелерінің, ветеринарлық биопрепараттар өндіретін ветеринарлық қызмет және ветеринариялық зертханалар басшысы; әр түрлі меншік нысанындағы салалар мен ветеринариялық және биологиялық кәсіпорындардың жетекшісі.
Кәсіби қызметінің аймағы	ветеринариялық ғылыми-зерттеу институттары; жоғары оқу орындары және орта кәсіптік білім беру; ғылыми және өндірістік мекемелер, аудандық, облыстық және республикалық мемлекеттік ветеринарлық құрылымдар, әкімшілік кеңселер, бақылау және аналитикалық қызмет, Қорғаныс ветеринарлық қызметтің құрылымы, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ветеринарлық қызмет саласында құрылымы, ғылыми-зерттеу институттары, ветеринариялық кәсіпкерлік субъектілерінің түрлі меншік нысандары.
Кәсіби қызметтерінің салалары мен нысандары	мемлекеттік ветеринариялық басқару органдары, оның ішінде Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылық министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау» бөлімшесі, облыстық және аудандық ветеринария басқармасы, ғылыми ветеринариялық мекемелер, ветеринарлық биопрепараттар өндіретін ветеринарлық қызмет, , соның ішінде кәсіпорындар.ветеринариялық биологиялық препараттарды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты өңдеу және сату өндіру өндірістері, фирма, компаниялар,, сонымен

<p>Кәсіби қызметтің функциялары</p>	<p>бірге ветеринариялық зертханалар</p> <ul style="list-style-type: none"> - педагогикалық - өндірістік - басқармалық; - ұйымдастыру - технологиялық; - ғылыми - зерттеу; - ғылыми - енгізу;
<p>Кәсіби қызметінің түрлері</p>	<p>Ғылыми-зерттеу:</p> <ul style="list-style-type: none"> - зерттеу тақырыбы бойынша ақпарат жинау, өңдеу, талдау және жүйелеу; - экономика ғылымындағы өзекті ғылыми проблемаларды және ғылыми зерттеу бағдарламаларын анықтау және тиянақтау; - өзекті экономикалық проблемалар бойынша шолулар, есептер және ғылыми жарияланымдар дайындау. <p>Педагогикалық:</p> <ul style="list-style-type: none"> - нақты педагогикалық міндеттерді анықтай білу, оқыту нәтижелерін алдын-ала болжай білу; - педагогикалық нәтижелерді бағалау; - оқу жоспарының стратегиясы негізінде оқу сабақтарын жоспарлау; - оқыту технологиясын құру үшін тиісті оқу құралдарын іріктеп алу және пайдалану; - білім алушылардың оқу құралдарымен, арнайы ғылыми әдебиеттермен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру; - білім алушыларды өз бетінше эсперимент жүргізуге және алынған нәтижелерді жинақтауға үйрету. <p>Өндірістік-басқарушылық:</p> <ul style="list-style-type: none"> - кәсіпорынның және оның бөлімшелерінің шаруашылық қызметін талдауды жүзеге асырады, жануарлардың жұқпалы емес патологиялы ауруларын диагностикалау, емдеу және алдын алу бойынша шаралар әзірлейді; - жануарлардың жұқпалы аурулары кезінде жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралардың экономикалық тиімділігін анықтайды. - жануарлардың мәжбүрлі жұқпалы және инвазиялық аурулары кезінде әзірленген ветеринариялық іс-шаралардың жоспарын қарастыруға қатысады; - ішкі шаруашылық резервтерін пайдалана отырып, жоспарлы ветеринариялық іс-шаралардың орындалу барысын бақылауды жүзеге асырады. - мониторингтік зерттеулер жүргізуге және жануарлардың жұқпалы және жұқпалы емес ауруларының дамуын болжауға қатысады; - жануарлардың аса қауіпті және трансшекаралық ауруларының тәуекел стратегияларын әзірлеу. <p>Жобалау-экономикалық:</p> <ul style="list-style-type: none"> - инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесін жүргізеді; - Ветеринария бойынша қаржылық инвестициялық қаржыландыру көздерін таңдау және қажеттілікті негіздеу;

	<p>- өндіріске енгізумен жана буын препараттарын игеру процесін ұйымдастыру;</p> <p>Аналитикалық:</p> <ul style="list-style-type: none"> - басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін ұйымның сыртқы және ішкі ортасының факторлары туралы ақпаратты жинау, өңдеу және талдау; - ғылыми жобалар бойынша бюджеттерге (сметаларға) талдау жүргізу.
<p>Құзыретті болуы керек</p>	<ul style="list-style-type: none"> - макроорганизмнің ішкі ортасының тұрақтылығын анықтау, инфекциялық үрдістің даму кедергісін және организмнің қызметінің бұзылуының қалпына келуі қасиетіне ие болуы; - жануарлардың аса қауіпті ауруларын балау әдістерінің тиімділігін салыстырмалы бағалау бойынша ғылыми байқаулар жүргізуге; - Зертханада әсіресе қауіпті қоздырғыштарын қауіпін бағалау үшін барлық қажетті талдау мәселелері бойынша, - аса қауіпті биологиялық қоздырғыштарына қауіпсіз сынамаларды алу, зерттеу, дезинфекция, сақтау және тасымалдау кезінде қазіргі заманғы әдістерін қолдануға. - қоршаған ортаны тексеру саласында және су жануарларының аса қауіпті ауруларына қарсы іс-шараларды өткізуге; - заманауи диагностикалық және емдеу-профилактикалық биопрепараттарын дамытуға; - трансшекаралық ауруларға қарсы жалпы және арнайы шаралардың заманауи жүйесін ОІЕ талаптарына сәйкес орындауға, халақаралық заманауи терминдерге, ұғымдарға түсініктеме беруге; - жұқпалы аурулардың алдын алуға өзіндік ерекшелігі бар қазіргі заманғы құралдарын және әдістерін қолдануға; - жануарлардың қалыпты жағдайдағы иммуногенетикалық деңгейін анықтауға; - иммуномодуляторларды белгілеп, нәтижесін зертханалақ әдістермен бақылау; - паразиттердің жіктелуіндегі негіздерін біліп, сол саладағы проблемаларды шешуге; - паразитологиялық зерттеуде жануарлардың негізгі әдістерін қолдану мен дамытуға - қоршаған орта нысандарын дезинвазиялау және залалсыздандыру кезіндегі экологиялық аспектілері; - инвазиялық ауруларды мониторинг және болжау мәселелерін шешіп, соның арқасында инвазиялық аурулармен күресу тактикасын құрастыру; - жануарлардың ішкі ауруларын балау және емдеудің заманауи әдістерінен; - заманауи дәрілік заттар төңірегінде және олардың фармакологиялық әсер ету механизмдерінен; - ауыл шаруашылық жануарлары ауруларының диагностикасы мен терапиясының өзекті мәселелері жөнінен; - ауыл шаруашылық төл ауруларына

	<p>иммуномодулейтін терапия әдісін қолдану мәселелерінен;</p> <ul style="list-style-type: none"> - ветеринариялық репродуктология бойынша, - ақпараттық ағымдардың жылдам жаңаруы мен өсу жағдайында ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызмет саласында; - мамандарды даярлау мәселелерінде; - ғылыми жобаларды және зерттеулерді сараптау кезінде; - тұрақты кәсіби өсуді қамтамасыз етуде.
--	--

2. ББ бойынша оқыту нәтижелері

Коды	Результаты обучения
PO1	Зерттеу саласын жүйелі түрде түсінгенін көрсету, ғылыми зерттеулердің дағдылары мен әдістерін меңгеру, ғылыми таным мәселелері, инновациялық әдістердің инновациялық тәсілдері, ғылыми стильдің негізгі ерекшеліктерімен инновациялық әдістер және зерттеулердің жазбаша нысандары туралы түсініктерді және академиялық мәтіндерді жазу дағдыларын қалыптастыру
PO2	Ветеринариядағы қауіпсіздік пен биоқорғауды ескере отырып, зертханалық зерттеулер жүргізу кезінде, диагностикалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарында, жануарлардың аса қауіпті ауруларының патогендерімен жұмыс істеу білімі мен түсінігін қолдану
PO3	Макро-және микроорганизмдердің өзара әрекеттесу механизмдерін талдай білу, патогендік агенттердің әсеріне қорғаныс реакцияларын қалыптастыру кезінде организмнің физиологиялық мүмкіндіктері мен резервтерін тану, иммунитетті қалыптастыру процесінде организмнің өзін-өзі реттеу принциптерін жүзеге асыру
PO4	Жануарлардың иммундық жүйесін және антигендерге нақты жауап берудің молекулалық механизмдерін сыни талдау, бағалау, сигнал беруді тану, иммунокомпетентті жасушаларды белсендіру, антигендерді жою, жануарларды генетиптеуге жаңа молекулалық әдістерді қолдана білу
PO5	Қарқынды терапия, реанимация және шұғыл операциялық манипуляция әдістерін қолдана отырып, иммундық жүйені қоса алғанда, ағзаның әртүрлі органдары мен жүйелерінің жай-күйі туралы деректерді ескере отырып, хирургиялық емдеу және алдын алу шараларын жүргізу кезінде теориялық және практикалық білімді қолдану
PO6	Ветеринариялық салауаттылықты қамтамасыз ету үшін ДЖДҰ талаптары мен GxP стандартына сәйкес жануарлардың аса қауіпті ауруларының инфекцияларын диагностикалауда және серо - және вакциналық препараттарының профилактикасында молекулярлық, патогендерді заманауи сәйкестендіру әдістерін қолдану
PO7	Трансшекаралық инфекциялардың таралуындағы ветеринарлық эпизоотология және эпидемиология принциптерін және ықтимал қауіп факторларын білу, нозологиялық және биостатикалық зерттеулердің тиімділігін бағалау
PO8	Зоонозды инвазияларын білу және паразитологиялық зерттеулердің дағдылары мен әдістерін санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен паразиттік аурулардың алдын алу жөніндегі нормативтердің талаптарымен пайдалану
PO9	Жұқпалы емес, ақушерлік-гинекологиялық аурулар кезінде этиопатогенез концепциясын, қазіргі заманғы диагностикалық және терапиялық маңызды ғылыми процестерді ғылыми көзқараспен ойлау, жобалау және енгізу, жануарлардың көбеюі мен генотиптеуінің зерттеу процесін өндірістік жағдайларға бейімдеу қабілетін көрсету

PO10	Жұқпалы емес, акушерлік-гинекологиялық аурулар кезінде этиопатогенез концепсиясын, қазіргі заманғы диагностикалық және терапиялық маңызды ғылыми процестерді ғылыми көзқараспен ойлау, жобалау және енгізу, жануарлардың көбеюі мен генотиптеуінің зерттеу процесін өндірістік жағдайларға бейімдеу қабілетін көрсету
PO11	Ауылшаруашылық аталық малдың репродуктивтік қызметінің мәселелерін, физиологиясы мен патологиясына теріс факторлардың әсеріне шығармашылықпен қарай білу, өндірушілерді пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастыру шараларын қолдану

4	ТК	VERBTİK 8304	Ветеринариялық эпидемиология принциптері және биостатистиканың трансшекаралық инфекцияларда қолданылуы	5	150	15	35		25	75	5						12	2	емтихан
	ТК	OIGIBZh 8304	Жануарлардың инфекциялық аурулары кезіндегі иммуногенетика негізі	5	150	15	35		25	75	5						12	2	емтихан
	ТК	VPZ 8304	Ветеринариядағы паразитологиялық зерттеулер	5	150	15	35		25	75	5						12	2	емтихан
	ТК	ZhAEZK 8304	Жануарлар аурулар этиопатогенезінің заманауи концепсиясы	5	150	15	35		25	75	5						13	2	емтихан
	ТК	VA 8304	Ветеринариялық андрология	5	150	15	35		25	75	5						11		емтихан
	ТК	KT 8304	Клиникалық травматология	5	150	15	35		25	75	5						11	2	емтихан
Модуль 4. Жұқпалы процестің негіздері және жұқпалы емес патология мәселелері				5	150	15	30		30	75									
6	ТК	ZhZhASVD MN 8305	Жануарлардың жұқпалы ауруларының серио- және вакцино-	5	150	15	35		25	75	5						12	2	емтихан

Кафедра номері	Кафедралар атауы
1	Агрономия, селекция және биотехнология
2	Топырақтану, агрохимия және экология
3	Жеміс-көкөніс шаруашылығы, өсімдік қорғау және карантин
4	Орман ресурстары, аңшылықтану және балық шаруашылығы
5	Жер ресурстары және кадастр
6	Су ресурстары және мелиорация
7	Аграрлық техника және механикалық инженерия
8	И.В.Сахаров атындағы «Машина пайдалану»
9	Энергия үнемдеу және автоматика
10	IT-технологиялар және автоматтандыру
11	Акушерлік, хирургия және өсіп-өну биотехнологиясы
12	Биологиялық қауіпсіздік
13	Клиникалық ветеринариялық медицина
14	Микробиология, вирусология және иммунология
15	Ветеринариялық санитариялық сараптау және гигиена
16	Академик Н.О.Базанова атындағы физиология, морфология және биохимия
17	Есеп, аудит және қаржы
18	Х.Д. Чурин атындағы «Менеджмент және агробизнесі ұйымдастыру»
19	Құқық
20	Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы
21	Тағам өнімдерінің технологиясы және қауіпсіздігі
22	Әлеуметтік пәндер
23	Қазақ және орыс тілдері
24	Шетел тілдері
25	Дене тәрбиесі және спорт
26	Әскери кафедра

Құзыреттілік коды	Модуль	Базалық құзыреттілік	Оқу нәтижелері
КК1	Модуль 1. Заманауи зерттеулер негізі	Жануарлар мен құстардың жұқпалы және жұқпалы емес ауруларының диагностикасында оларды қолдану және практикада зерттеу әдістерінің негізгі принциптерінде; жазбаша зерттеу формалары туралы және академиялық мәтіндерді жазуға құзіретті болуы тиіс	<ul style="list-style-type: none"> - ветеринариядағы заманауи теориялық концепциялар мен бағыттарды дұрыс бағалау. - ветеринариялық зерттеулердің нақты мәліметтеріне талдау жасау және эксперимент жүргізу әдістерін меңгеру. - академиялық мәтіндер мен ғылыми мақалаларды жазу дағдыларын меңгеру - алынған мәліметтерді ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде пайдалану, объектінің параметрлерін зерттеудің стандартты әдістерін орындау; - ветеринариялық медицинаның ғылыми-теориялық мәселелерінде негіздеу және оларды жануарлар мен құстардың жұқпалы және жұқпалы емес ауруларының диагностикасында қолдану
		Кәсіптік құзыреттілік	Оқу нәтижелері
КК2	Модуль 2. Биологиялық қауіпсіздік принциптері және патогендердің қауіптілігін анықтау	<p>Биоқауіпсіздіктің жалпы принциптері, микробиологиялық тәуекелді бағалау, биологиялық қауіпсіздік зертханасында, бокста жұмыс жүргізу, зертханаларды биоқауіпсіздік жағынан қамтамасыз ету бойынша қабілеттілік</p> <p>Be competent: in General principles of Biosafety, microbiological risk assessment, Biosafety laboratories, work in Biosafety boxes, laboratory methods, Biosafety measures of laboratories</p>	<ul style="list-style-type: none"> -микробиологиялық қатерлерді бағалау, базалық оқшауланған және барынша оқшауланған зертханаларда, биологиялық қауіпсіздік бокстарында жұмыс істеу; қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жабдықтарды пайдалану, төтенше жағдайларда зертханалық әдістер, жоспарлар мен процедураларды білуі тиіс; - дезинфекция және стерилдеу жүргізуді, инфекциялық материалдарды тасымалдауды жүзеге асыруды, биологиялық қауіпсіздікті сақтауды, рекомбинантты ДНК-мен жұмыс жүргізуді, қауіпті химиялық заттармен жұмыс істеуді, зертханалардың биоқорғау шараларын жүргізуді, биоқорғаныстың физикалық және ұйымдастыру аспектілерін пайдалануды, биокәсіпорынның қауіп-қатерін бағалауды және биоқорғанысын бағалауды жүзеге асыруды меңгеруі тиіс.

КК 3	Модуль 3. Балау, дауалаудың иновациялық әдістері және биостатистика	Трансшекаралық ауруларға қарсы жалпы және арнайы шаралардың заманауи талаптарына сәйкес орындауға және жұқпалы аурулардың алдын алуға өзіндік ерекшелігі бар қазіргі заманғы құралдарын және әдістерін қолдануға құзыретті болуы керек:	- ветеринарлық эпидемиология принциптерін, сипаттама және аналитикалық ветеринарлық эпидемиологияны қолдану саласының негізгі ұғымдарын, популяция жағдайын зерттеу әдістерін, қауіп тобын, иммунологиялық реактивтіліктің молекулалық негіздерін, вакциналардың иммунологиялық сипаттамаларын, белгілі бір жұқпалы аурудың пайда болуының алдын алуға бағытталған вакцина түрлерін білу; -спецификалық алдын алудың заманауи құралдары мен әдістерін қолдануға (арнайы диагностикалық зерттеулер, емдеу-алдын алу құралдары, иммунопрофилактика) қабілетті
КК 4		Жануарлардың жұқпалы ауруларының қоздырғыштарын зерттеу, бактерияларды халық шаруашылығында және биотехнологияда пайдалану; инфекциялардың пайда болуы мен ағымы, иммунитеттің қалыптасу заңдылықтары, жануарлардың жұқпалы ауруларын диагностикалау, емдеу үшін биопрепараттарды алу принциптері мен әсер ету механизмі бойынша құзіретті болуы қажет	-аса қауіпті аурулардың қоздырғыштарымен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы мен жұмыс ережесін; жануарлар мен құстардың аса қауіпті ауруларының ХЭБ тізімін; аса қауіпті аурулардың қоздырғыштары биологиясының ерекшеліктерін, - иммуногенетикалық шарттылықты және жануарлардың жұқпалы ауруларға сезімталдығын анықтайтын факторларды, тірі организмдердің тіршілік әрекеті процестерінің механизмдері мен заңдылықтарын білу; -инфекция қоздырғыштарын бөлу және микроскопиялық саңырауқұлақтарды өсіру үшін дифференциалды-диагностикалық қоректік органы пайдалануды; - жануарлардың жұқпалы аурулары кезінде гендік емес деңгейде иммунитет деңгейін бақылау
КК 5		Инвазиялық ауруларды мониторинг және болжау мәселелерін шешіп, соның	- зоонозды инвазиялық ауруларды балаудың және болжаудың заманауи

		арқасында аурулармен тактикасын құзіретті болуы тиіс.	инвазиялық күресу құрастыруға	проблемаларын; - инвазиялық ауруларды зерттеу барысында пәннің негізгі бағыттары мен заңдамаларың қолдануды: биология, экология және паразитология салаларының заңдамаларын; -эпизоотологиялық мониторингті жасау және әртүрлі паразитоздарды болжау әдістерді қолдануға қабілетті білу керек.
КК 6	Модуль 4. Жұқпалы процестің негіздері және жұқпалы емес патология мәселелері	Ағза жүйелерінің типтік патологиялық процестері мен бұзылуларын алдын алу мен емдеудің негізгі принциптерінде қолдану және диагностика мен иммуномодуляциялық терапия үшін жаңа әдістерді қолдану қабілеті.		- жалпы патология бойынша бар ауқымды ғылыми деректерді талдау; - ветеринариядағы медицинадағы заманауи теориялық концепциялар мен бағыттарды дұрыс бағалау. - жануарларға эксперимент жүргізу әдістерін меңгеру - мал шаруашылығын дамытудың қазіргі кезеңінде әр түрлі жүйелер мен жануарлар ағзаларының ауруларын диагностикалау мен терапияның өзекті мәселелері; -жануарлардың төлдерін иммуномодуляциялық терапияны жүргізу және олардың әрекетін бағалау қабілеті; - жануарлардың ішкі аурулары кезінде диагностика мен терапияның қазіргі заманғы әдістерін практикалық қызметте қолдану.
КК 7		Қазіргі репродуктология мен андрологияның проблемалық мәселелерін шешуде, асыл тұқымды малдарды генотиптеу кезінде локустар бойынша жануарлардың анықтауға құзыретті болу		- қалпына келтіруді арттыру мақсатында андрологиялық аурулардың диагностикасын, емін және профилактикасын білу, - шәуеттің ұрықтандырушы қабілетін арттыру бойынша іс-шараларды жүргізу; -овогенез және сперматогенез процестерінің физиологиясын, мейоз сатысын, фолликулогенезді, овуляцияның гормональды реттелуін; -ДНК полиморфизмін зерттеудің теориялық негізін, гендер экспрессиясын, молекулалық-генетикалық талдауларды жүргізу принциптерін білу.

			<p>- ұрықтандыру қабілетін арттыру бойынша іс-шараларды ұйымдастыру</p>
<p>КК 8</p>		<p>Ветеринарияда ғылыми зерттеулердің инновациялық әдістерін қолдану қабілеті, иммундық жүйенің патологияларын диагностикалау және емдеу және жарақаттанған жануарларды емдеу</p>	<p>-жарақаттанған жануарларды зерттеу әдістерін, оның ішінде тыныс алу мүшелерінің патологияларын, жүрек-қан тамырлары және нерв жүйесін диагностикалау тәсілдерін, қазіргі заманғы дәрілік препараттар мен әдістерді қолдана отырып, жарақаттанған жануарларды емдеудің патогенетикалық негізделген схемасын жасау әдістемесін білу;</p> <p>- иммундық тапшылық аурулар кезінде технологияларды, иммундық тапшылық, аллергиялық және аутоиммундық ауруларды диагностикалау және емдеу әдістерін дұрыс пайдалана білу;</p> <p>- заманауи дәрілік препараттар мен физиотерапевтік әдістерді қолдана отырып, жануарларды емдеудің клиникалық және физиологиялық негізделген сызбаларын құру-малдардың иммунологиялық ауруларын, иммунотапшылықтарды зерттеуді, клиникалық және физиологиялық негізделген, заманауи емдік препараттарды қолдана отырып, емдеу нобайларын құруды және патогенетикалық әдістерін қолдана білуге қабілетті</p>

5. Білім беру бағдарламасы бөлінісінде игерілген кредиттер көлемін көрсететін жиынтық кесте

Оқылу курсы	Семестр	Оқытылатын пәндер саны		Академиялық кредиттер саны							Саны	
		ЖК	ТК	Теоретическое оқыту	Педагогикалық практика	Зерттеу практикасы	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	Қорытынды аттестация	Барлығы	Барлығы сағатпен	Экзамен	Диф.зачет
I	1	3	2	25			10		30	1200	5	1
	2	-	-		10	10	10		30	990		3
II	3	-	-				18		30	480		1
	4	-	-				31		30	870		1
III	5	-	-				19		30	510		1
	6	-	-				35	12	30	1350		1
Барлығы		3	2	25	10	10	123	12	180	5400		8

Пәндер туралы мәліметтер

№	Пәндер атауы	Пәндердің қысқаша сипаттамасы	Кредиттер саны	Қалыптасатын күзiреттер (кодтар)
Базалық пәндер циклы / Жоғары оқу орны компоненті				
1	Ғылыми зерттеу әдістері	Докторанттарда табысты педагогикалық қызмет үшін білім мен дағдыларды, ветеринарлық медицина мәселелерін жариялау бойынша әдістемелік жұмыс үшін қажетті теориялық білім мен практикалық дағдыларды қамтамасыз ете отырып, пәнді оқыту әдістемесі негізінде ғылым ретінде ветеринарлық медицинаның ғылыми білімін қалыптастыру, сондай-ақ инновациялық әдістер мен жобалар әдістерін құру	5	ОН2, ОН 6, ОН7
2	Академиялық хат	Бұл курс докторанттардың жазбаша және ауызша академиялық мәтіндер жасау дағдыларын, библиографиялық сипаттаманы дұрыс дайындауды, ғылыми қоғамдастық принциптерін қалыптастырады. Пән ғылыми дискурс, дәйексөздер мен плагиат, ақпараттық мәліметтер базасы мен деректер жиынтығы, халықаралық ғылыми дәйексөздер базасы (Web of Science, SCOPUS), орыс ғылыми дәйексөздер базасы (RSCI).	5	ОН 1, ОН10,
Кәсіптік пәндер циклы /Жоғары оқу орнының компонент				
3	Ветеринариядағы қауіпсіздік және биоқорғау	Базалық, оқшауланған зертханалардың талаптарын, жануарлармен жұмыс істеу зертханалық бөлмелеріне қойылатын талаптарды, зертханаларды сертификаттау принциптерін оқытады. Максималды оқшауланған зертхана жағдайында, биологиялық қауіпсіздік қораптарында жабдықтарды және биоқорғаныстың физикалық, ұйымдастырушылық аспектілерін қолдана отырып, микробиологиялық тәуекелдерді зерттейді. Биоқауіпсіздікті	5	ОН2, ОН6, ОН10

		камтамасыз ету үшін инфекциялық материалдарды тасымалдау кезінде, төтенше жағдайларда білімін пайдалану қабілеттілігін қалыптастырады.		
Кәсіптік пәндер циклы / Таңдау компонент				
4	Ветеринариялық эпидемиология принциптері және биостатистиканың трансшекаралық инфекцияларда қолданылуы	Ветеринариялық аналитикалық, жазбалық эпидемиология принциптерін және трансшекаралық аурулардың таралуында жануарларды халықаралық саудалау кезіндегі рөлін оқытады. БҰҰ ХІҚ бюроның нозологиялық, індеттанулық мониторинг әдістерінің тиімділігін бағалауды, сонымен қатар мүмкін болатын тәуекел факторларын қарастырады. Індеттің шығу таралу, ауруды анықтау, гипотеза ұсыну, аналитикалық, басқарылатын, когортты зерттеулер сияқты биостатистикалық көрсеткіштерді интерпритациялау және оларды есептейді. Аса қауіпті трансшекаралық инфекциялар кезінде індеттің қолайсыз ошақтарында профилактикалық, сауықтыру іс-шараларын жүргізудің теориялық кәсіби және практикалық дағдыларын қалыптастырады	5	ОН2, ОН6, ОН10
5	Жануарлардың жұқпалы ауруларының серо-және вакцино-дауалаудың молекулярлық негіздері	Пән иммунологиялық реактивтіліктің молекулярлық негізді вакциналық антигендердің және белгілі бір жұқпалы аурулардың пайда болуының алдын алуға бағытталған вакцина түрлерін оқытады. Имунделген жануарлардың иммунологиялық статусын және организмнің белсенділігін серологиялық реакциялармен зерттейді. Жұқпалы аурулардың алдын алуға өзіндік ерекшелігі бар қазіргі заманғы серологиялық балау әдістерін және сақтандыру вакциналарын салыстырмалы қолдануға қабілеттілігін қалыптастырады.	5	ОН2, ОН6, ОН10

6	Жануарлардың инфекциялық аурулары кезіндегі иммуногенетика негізі	Жануарлардың инфекциялық ауруға бейімділігін анықтайтын гендік факторларды, ұлпалық антигендердің түріндегі тұрақтылығы мен өзгергіштігін, макро- және микроорганизмдердің генетикалық әрекеттесуін оқытады. Жануардың инфекциялық аурулар кезіндегі иммундық жауап деңгейін, қанның топтарын және белоктардың полиморфизмдік қасиетін анықтайтын балау әдістерімен зерттейді. Гендік деңгейде жануарлардың иммунитетін бақылау қабілетін қалыптастырады.	5	ОН3, ОН4, ОН10
7	Ветеринариялық микробтық синэкология	Микробтық қауымдастықтардың ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуі, микроорганизмдердің макроорганизмдермен өзара әрекеттесуі, микробтық консорциумдар құру, патогендік микроорганизмдерді анықтау, олармен күресу әдістерін бағалау және әзірлеу туралы зерттейді. Ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарының ауруларының алдын алу және емдеу үшін пробиотиктерді, пребиотиктерді және синбиотикалық кешендерді әзірлеуге және қолдануға бағытталған дағдыларды қалыптастырады.	5	ОН2, ОН7, ОН10
8	Ветеринариядағы паразитологиялық зерттеулер	Курс паразитологиялық зерттеулерді орындауға, паразитологиялық, гельминтологиялық, протозоологиялық, арахноэнтмологиялық зерттеулерге материалдарды дайындау әдістерін меңгеруге арналған. Тоғышарларға жануарларды жаппай зерттеудің уақыты мен рациональды әдістерін таңдауды қарастырады. Сыртқы орта нысандарын тоғышарлардың негізгі және аралық иелеріне зерттеу үшін биосынамаларды алу, тасымалдау және сақтау тәсілдеріне қабілеттілігін қалыптастыру.	5	ОН2, ОН8, ОН10

9	Зоонозды инвазиялар	Зоонозды инвазиялар бойынша ХЭБ материалдары, тоғышарлықтың критериілерін және ие организміндегі паразиттердің арақатынасының типтерін оқытады. «Паразит - ие» құрылымының бейімделу дәрежесін, «Паразитарлық құрылым» жіктелуін қарастырады. Зоонозды гельминттердің, трематодоздардың, цестодоздар, нематодоздар, протозооздар және арахноэнтотомоздардың патогендік әсерінің байқалу формаларын зерттейді	5	ОН2, ОН8, ОН10
10	Жануарлар аурулар этиопатогенезінің заманауи концепциясы	Ауру тудыратын агенттердің патогенетикалық механизмін және қорғану реакциясын, ағзаның өзін реттеу принципін оқытады. Жалпы патология бойынша кең ауқымды ғылыми мәліметтер мен заманауи теориялық концепцияларды қарастырады. Жануарларға эксперимент жүргізуге және биохимиялық, морфологиялық, генетикалық зерттеудерді талдау мен синтездеуге және организмнің типтік патологиялық үрдісінің алдын алу мен емдеуді ұйымдастыруға қалыптастырады	5	ОН3, ОН9
11	Жануарлар ауруларын диагностикалау және емдеудің өзекті мәселелері	Ауылшаруашылық малдарының жүрек-қан тамырлары, тыныс алу органдарының, ас қорыту, несеп бөлу, жыныстық және зәр шығару жүйелерінің ауруларын, зат алмасудың бұзылуларын, қан және қан түзетін органдар ауруларын оқытады. Мал шаруашылығын заманауи дамыту сатысында жануарлардың ағзалар мен түрлі системаларының ауруларын балау мен емдеудің өзекті мәселелерін шешуге қалыптастырады.	5	ОН9, ОН10
12	Ветеринарлық андрология	Пән еркек малдардың жыныс мүшелерінің патологиясы терапиясының теориялық негіздерін, аталық малдардың ұрығына әртүрлі теріс факторлардың әсер етуін және спермийлердің ұрықтандыру қабілетін арттыру тәсілдерін оқытады. Аталық малдардың	5	ОН9, ОН11

		жыныстық қызметінің жағдайын және шәуеттің сапасын заманауи әдістерімен зерттейді. Мал шаруашылығында сексирленген шәуетті тиімді пайдалану дағдысын қалыптастырады.		
13	Малды генотиптеудің молекулярлы-генетикалық әдістері	Овогенез және сперматогенез процестерінің физиологиясын, функционалдық сары дененің қалыптасу физиологиясын, ооцит-кумуляторлық жасушалар мен спермиоциттердің құзыреттілігін анықтау әдістемесін зерттейді. ПЦР-ПДРФ ДНҚ полиморфизмін зерттеп және нәтижелерді электрофореттік түрде талдап оқиды. ПЦР амплификациялық рестрикциялайды, көлденең электрофорезді жүргізеді. Жануарлардың өнімділігін анықтайтын локустар бойынша асыл тұқымды малдарды генотиптеу кезінде практикалық іскерлікті қолдану дағдыларын қалыптастырады	5	ОН4, ОН9, ОН10
14	Клиникалық травматология	Ветеринарлық травматологияның қазіргі жағдайын, шұғыл хирургиялық операция жүргізуді ұйымдастырудың теориялық аспектілерін қарастырады. Кеуде және құрсақ қуысы мүшелерінің, тірек-қимыл аппаратының жарақаттарын зерттейді және рентгенографияны, УДЗ диагностикасын жүргізеді. Тыныс алу органдары мен жүрек-қан тамыр жүйесі қызметін жақсарту ету үшін қарқынды терапия және жарақаттар кезінде физиотерапия жүргізу дағдыларын қалыптастырады.	5	ОН5, ОН9
15	Хирургиялық иммунопатологиялар	Пән хирургиялық патологиялардағы иммунопатологияны, иммундық тапшылық жағдайын және аллергиялық және аутоиммундық ауруларды оқытады. Хирургиялық патологиялар кезінде иммунологиялық ауруларды, ағзаның иммундық тапшылығын анықтау үшін диагностикалық зерттеулер жүргізеді. Практикалық	5	ОН5, ОН9

		жағдайларда хирургиялық патологиялар кезінде иммунды коррекциялаушы ем қолдану дағдыларын қалыптастырады.		
--	--	---	--	--

БББ қосымша

Қосымша 2

Практика базалары

№	Компаниялардың, кәсіпорындардың, ұйымдардың атауы	Контактылар, Тел, e-mail
1	«Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институты» ЖШС	87272337271 kaznivialmaty@mail.ru
2	ТОО НПП "Антиген" ЖШС ҒЗӨ	8(727) 264 26 29
3	" ЭКВИ ЛАБ" ЖШС	376-27-14; 376-27-07 87772732737
4	АШМ ВБ ж ҚК «Ветеринария бойынша ұлттық референттік орталық» ШЖҚ РМК	8(727)2339212 rgp_nrcv@nrcv.ru
5	АШМ ВБ ж ҚК «Республикалық ветеринариялық зертхана» ШЖҚ РМК	8(727)2792859 https://www.ecert.kz/
6	«Ғылыми-зерттеу биологиялық қауіпсіздік проблемалары институты» ҚР БҒМ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ	(726-36) 7-22-28 ribsp@biosafety.kz

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ
әзірлеген ғылыми - педагогикалық бағыттағы
«8D09101-Ветеринариялық медицина» білім беру бағдарламасына

ШКІР

"8D09101 - Ветеринариялық медицина" білім беру бағдарламасы ғылыми шығармашылық әдіснамасын, заманауи ақпараттық технологияларды меңгерген және зерттеу, консультациялық, аналитикалық және педагогикалық қызметке дайындалған PhD докторларын даярлауды қамтамасыз ететін терең ғылыми мамандануы бар жоғары білімнің соңғы үшінші деңгейін білдіреді. Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің докторантурасында оқу, ғылыми - зерттеу жұмыстарын дайындау үшін үлкен материалдық ғылыми - педагогикалық базаны көздейді.

Пікір беріп отырған "8D09101 - Ветеринариялық медицина" білім беру бағдарламасы құзыреттілік тәсілге негізделген, теориялық оқытуды қамтиды және базалық және бейіндік пәндер циклін, элективті пәндерін, докторанттарды педагогикалық, зерттеу практикаларын, ғылыми тағылымдамаларды, докторлық диссертацияны орындауды, аралық және қорытынды аттестаттауды қоса алғанда, ғылыми-зерттеу жұмысын қамтиды.

Білім беру бағдарламасында ұсынылған пәндер "Ветеринариялық медицина" білім беру бағдарламасының негізгі проблемаларына сәйкес келеді, өзекті болып табылады, ғылым мен практиканың заманауи жетістіктеріне негізделген және докторантура пәндерін қайталамайды, олар ғылыми жаңалық пен практикалық маңыздылықты айқындай түседі..

Білім беру бағдарламасы жұмыс берушілердің сұраныстарына жауап беретін жалпы және арнайы құзыреттерді қамтиды.

- Ұсынылған білім беру бағдарламасының құрылымы мыналарды:
- білім беру бағдарламасының атауын;
 - білім беру бағдарламасының деңгейін;
 - білім беру бағдарламасының паспортын;
 - білім беру бағдарламасының мазмұны модульдердің шеңберінде түрлері әрбір модуль бөлінісінде қалыптастырылатын құзыреттерін;
 - қазақстандық кредиттер мен ECTS кредиттеріндегі көлемін;
 - оқу кезеңі, модуль компоненттерін (модуль компоненттерінің коды мен атауы (пәндер, тәжірибелер және т. б.);
 - ЖК/БП, ЖК/КП пәндерінің циклін, міндетті компонентке немесе таңдау компонентін;
 - кредиттер саны және модульдің әрбір құрамдас бөлігінің салыстырмалы бақылау нысанын;
 - білім беру бағдарламасының модульдері бөлінісінде игерілген кредиттердің көлемін көрсететін жиынтық кестені қамтиды.
- Жоғары оқу орнының құрамдас бөлігінің бейіндік пәндерінің циклі заманауи сынақтарға жауап беретін, микробиологиялық, вирусологиялық тәуекелдерді бағалау және базалық оқшауланған және барынша оқшауланған

зертханаларда, биологиялық қауіпсіздік бокстарында жұмыс істеу дағдыларын беретін; төтенше жағдайларда қорғау жабдықтары мен рәсімдерді пайдалану "Ветеринариядағы қауіпсіздік және биокорғаныс" сияқты жаңа пәнді қамтиды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде "Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті" КЕАҚ әзірлеген 8D09101 - "Ветеринариялық медицина" білім беру бағдарламасы жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің, мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарына жауап береді және іске асыруға ұсынылады.

«Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институты» ЖШС Бас директоры



М.Касенов

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті
Ветеринария факультеті

«22» қаңтар 2024 ж

Алматы қ.

**«Биологиялық қауіпсіздік» кафедрасының кеңейтілген
мәжіліс отырысының №6 хаттамасынан көшірме**

Төраға – А.М.Мусоев
Хатшы – Н.Г.Н.Утебаева

Қатысқандар:

1 «Биологиялық қауіпсіздік» кафедрасы: Н.Н.Ахметсадықов, Д.М.Хусаинов, Б.Ө.Нурғазы, А.Т.Алиев, Г.Д.Ильгекбаева, Турганбаева Г.Е., Усманғалиева С.С., А.Мусоев, Б.Отарбаев, А.З.Мауланов, С.С.Усманғалиева, Ибажанова А.С., У.Ж.Омарбекова, С.С.Амиргалиева, О.Т.Төребеков, М.Умитжанов;

2 Акушерлік хирургия және малдардың өсіп-өну биотехнологиясы кафедрасы: У.С.Есенбеков, Н.М. Джуланов., Қ.У.Қойбағаров, К.А. Орынханов, А.Махмұтов, Г.К. Омарбекова, Г. А.Хасанова;

3 Клиникалық ветеринарлық медицина кафедрасы: Н.А.Заманбеков, Н.К.Кобдикова, Е.М.Қорабаев, С.Сиябеков, Ж.І.Казиев, А.Қ.Камбарбеков

4 Микробиология және вирусология кафедрасы Киркимбаева Ж.С., Сарыбаева Д.А., С.Е.Ермагамбетова, Р.Ж. Мыктыбаева, К.Б.Орынтаев

5 Білім алушылар: С.Каймолдина, Н.Матенова, К.Зикибаева

6 Бітіріп кеткендер: Ж.Муслимова, Толепова Г.

7 «Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институты» ЖШС Бас директоры М.Касенов

КҮН ТӘРТІБІ:

2024 – 2027 оқу жылдарына арналған «8D09101- ветеринариялық медицина» білім беру бағдарламасын (БББ) талқылау

ТЫҢДАЛДЫ Мусоев А.М. кафедра меңгерушісі сөз алып, 2024 – 2027 оқу жылдарына арналған «8D09101- ветеринариялық медицина» білім беру бағдарламасын талдауды ұсынды.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Білім беру бағдарламасына жауапты У.Ж.Омарбекова сөз алып, жаңа классификаторға сәйкес 8D091-ветеринария бағыты бойынша енгізілген «8D09101- Ветеринариялық медицина» оқыту бағдарламасында білім алушы, базалық жоғары оқу орнының және кәсіптендіру пәндері бойынша теоретикалық оқытудың 180 кредит, педагогикалық және зерттеу тәжірибелері мен докторанттың ғылыми-зерттеу жұмыстарынан және қорытынды аттестаттау кредиттерінен құралатынын атады. Білім беру бағдарламасының мақсаты еңбек нарығында бәсекеге қабілетті кәсіби, мәдениеті жоғары, іргелі білімі бар, әдіснамалық және зерттеушілік даярлықтан өткен ғылыми дәрежесін алуға дайын ветеринария мамандарын даярлау.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

«Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институты» ЖШС Бас директоры М.Касенов: «8D09101-Ветеринариялық медицина» білім беру бағдарламасында жалпы білім беру пәндер циклы, базалық және элективтік және кәсіптендіру пәндерін қамтитын 4модульдерге енгізілген. Кәсіптендіру пәндерін қалыптастыру кезінде жұмыс

берушілердің талаптары қазіргі кездегі ХЭБ талаптарына сәйкестендірілуі қажет, осы бағытта білім беру бағдарламасына келесі өзгерістерді енгізу:

- Кәсіптендіру циклының жоғары оқу орнының компоненті ретінде «Ветеринариядағы қауіпсіздік және биокорғау» 5 кредит көлемінде қосу керектігін айтты.
- Кәсіптендіру циклының таңдау компонентіне «Ветеринариялық микробтық синэкология» пәні 5 кредит көлемінде ұсынылды.

Профессорлар А.Р. Сансызбай, Н.Н.Ахметсадықов, Е.С.Усенбеков, М.Н.Джуланов, Н.А.Заманбеков, Киркимбаева Ж.С. 8D09101 - ветеринариялық медицина мамандығын бітірушінің білімін және біліктілігін қалыптастыру үшін «Қазақ ұлттық аграрлық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының дайындаған негізгі білім бағдарламасы Қазақстан Республикасының жоғары білім мемлекеттік жалпыға білім беру стандартының негізгі талаптарына сай келетінін және жұмыс берушілердің ұсынға пәндері, маман дайындауға практикалық тұрғыдан қажет екендігі айтылды. Бұл пәндерді факультеттің оқу-әдістемелік комиссиясына ұсынатындықтарын білдірді.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

- Кәсіптендіру циклының жоғары оқу орнының компоненті ретінде «Ветеринариядағы қауіпсіздік және биокорғау» 5 кредит көлемінде ұсынылды.
- Кәсіптендіру циклының таңдау компонентіне «Ветеринариялық микробтық синэкология» пәні 5 кредит көлемінде ұсынылды.

3. 2024 – 2027 оқу жылдарына арналған білім беру бағдарламасы «Биологиялық қауіпсіздік» кафедрасының кеңейтілген отырысында қаралды, факультеттің академиялық комитетінде қарастырылуға ұсынылды.

4. Бұл ұсыныстар бір ауыздан мақұлданды.

Төраға

А.М.Мусоев

Хатшы

Г.Н.Утебаева

Ветеринария факультеті
Академиялық комитет мәжілісінің
№ 5 хаттамасының көшірмесі

Алматы қ.

«25» қаңтар 2024 ж.

ҚАТЫСҚАҢДАР:

Төраға - Қойбағаров Қ.У.

Хатшы: Туржигитова Ш.Б.

Комиссия мүшелері: в.ғ.к., профессор Қорабаев Е.М., в.ғ.к., профессор Жумагельдиев А.А., в.ғ.к., профессор Қойбағаров Қ.У., б.ғ.к., профессор Туребеков О.Т., профессор Жумагельдиев А.А., в.ғ.к., профессор Омарбекова Ү.Ж., в.ғ.к., қауымдастырылған профессор Мусоев PhD, қауымдастырылған профессор Махмұтов А.К., Баймурзаева М.С., PhD, қауымдастырылған профессор Туржигитова Ш.Б., PhD, қауымдастырылған профессорлар Бименова Ж.Ж., Усманғалиева С.С.

КҮН ТӘРТІБІ

2024 – 2027 оқу жылдарына арналған «8D09101- ветеринариялық медицина» білім беру бағдарламасын (БББ) талқылау

ТЫҢДАЛДЫ: АК төрағасы Қойбағаров Қ.У. 2024 – 2027 оқу жылдарына арналған мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде дайындалған «8D09101- Ветеринариялық медицина» білім беру бағдарламалары факультеттің кафедраларында талқыланып, жұмыс берушілермен ұсынылған өзгерістер енгізілгенін айта келе, талдауды ұсынды.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР Білім беру бағдарламасына жауапты У.Ж.Омарбекова сөз алып, жаңа классификаторға сәйкес 8D091-ветеринария бағыты бойынша енгізілген «8D09101- Ветеринариялық медицина» оқыту бағдарламасында білім алушы, базалық жоғары оқу орнының және кәсіптендіру пәндері бойынша теоретикалық оқытудың 180 кредит, педагогикалық және зерттеу тәжірибелері мен докторанттың ғылыми-зерттеу жұмыстарынан және қорытынды аттестаттау кредиттерінен құралатынын атады. Білім беру бағдарламасының мақсаты еңбек нарығында бәсекеге қабілетті кәсіби, мәдениеті жоғары, іргелі білімі бар, әдіснамалық және зерттеушілік даярлықтан өткен ғылыми дәрежесін алуға дайын ветеринария мамандарын даярлау.

Жұмыс берушілермен ұсынылған жаңа пәндер өндіріс қажеттіліген туындаған. Ветеринарлық ғылыми мен тәжірибиедегі негізгі жетістіктерін меңгеру, зерттеулер жүргізу үшін тәжірибиелік міндеттерді шешу және оқуға қабілетті, білікті мамандарды дайындау білім беру бағдарламаларының негізінде жүзеге асырылады.

Осыған байланысты білім алушының кәсіби бағытта өсуін және лауазымын қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін заманауи пәндері оқытуды қажет етеді. Базалық және кәсіптік цикл пәндерін қалыптастыруда жұмыс берушілердің маманға қоятын талаптарын ескеру қажеттігін айтты және ұсынылған пәндерді таныстырып өтті.

АК мүшесі, профессор Қорабаев Е.М. сөз алып, бүгінгі жұмыс нарығына және халықаралық талаптарға сәйкес жұмыс берушілердің маманға қоятын талаптарын қанағаттандыру үшін ғылыми-зерттеу жүргізу базаларын кеңейту жұмыс берушілердің тарапынан ұсынылатын айтты.


PhD, қауымдас профессор Мусоев А.М., профессор Киркимбаева Ж.С. кәсіптендіру пәндерін қалыптастыру кезінде жұмыс берушілердің ұсыныстарын ескере отырып және қазіргі кездегі ХЭБ талаптарына сәйкестендірілуі қажет, осы бағытта білім беру бағдарламасына мына өзгерістер енгізу:

- Кәсіптендіру циклының жоғары оқу орнының компоненті ретінде «Ветеринариядағы қауіпсіздік және биоқорғау» 5 кредит көлемінде;
- Кәсіптендіру циклының таңдау компонентіне «Ветеринариялық микробтық синэкология» пәні 5 кредит көлемінде ұсынылды.

ШЕШТІ:

1. Кәсіптендіру циклының жоғары оқу орнының компоненті ретінде «Ветеринариядағы қауіпсіздік және биоқорғау» 5 кредит көлемінде ұсынылды.
2. Кәсіптендіру циклының таңдау компонентіне «Ветеринариялық микробтық синэкология» пәні 5 кредит көлемінде ұсынылды.
3. Бұл ұсыныстар бір ауыздан мақұлданды.

Төраға



Қойбағаров Қ.У.

Хатшы:



Туржигитова Ш.Б.